



Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Нұрлан Ермекебаевты қабылдады

Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Нұрлан Ермекебаевты қабылдады. Кездесуде ШЫҰ аясындағы ықпалдастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның тиімді әрі теңгерімді халықаралық ұйым ретіндегі рөлін нығайтуға баса мән береді. Бұл қазіргі әлемдік саясаттағы сын-қатерлерге жедел үн қатуға ықпал етеді.

Президент Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары бағалап, Ұйым тетіктерін жетілдіруге қолдау көрсететінін айтты.

Бұдан бөлек, Қазақстанның Ұйым аясында ұсынған басты бастамаларын іске асыру жолдары қаралды.

Жетісулық маманға оңалту мәселесі бойынша тәжірибе алмасты

Жуырда «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратал күндізгі болу орталығы» КММ қызметкерлері Өзбекстан Республикасының Мүгедектерді оңалту және протездеу ұлттық орталығына тәжірибе алмасу сапарымен барды.

Сапардың мақсаты – мүгедектерді оңалту саласындағы озық тәжірибелермен танысу және екіжақты әріптестікті дамыту.

Делегация орталықтағы оңалту және протездеу қызметтерімен, оның ішінде СМЕ әдісімен (Куэвас Медек Жаттығулары) танысты.

Іс-шара аясында мамандар психологиялық, әлеуметтік, кәсіби оңалту бағыттарында көрсетілетін кешенді қызметтермен танысып, мамандармен тәжірибе бөлісті.

Сапар барысында орталық мамандары қонақтарға оңалту әдістерін іс жүзінде көрсетіп, нақты бағыттар бойынша кеңес берді.

Мұндай тәжірибе алмасу әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыратын, инклюзивті қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Жетісу облысы мен Өзбекстан арасындағы бұл кәсіби байланыс болашақта мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруда өзінің оң ықпалын тигізетін болады.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша.



Флешмоб «Ұлы дала үні» в Талдықоргане: НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ, МУЗЫКА И НОВЫЙ РЕКОРД

1 июля, на центральной площади города Талдықорган состоялся масштабный областной праздничный флешмоб под названием «Ұлы дала үні», посвященный Национальному дню домбры. Это яркое культурное мероприятие стало символом уважения к казахской традиционной музыке, продемонстрировавшее силу национально-го духа и преемственность поколений в сохранении самобытного искусства народа.

Флешмоб объединил представителей районов области Жетісу, а также работников областных управлений и организаций, которые выразили свое уважение к национальной культуре. Кроме того, на фоне природных и исторических достопримечательностей региона был создан видеоклип с исполнением кюя «Бақтыбайдың әуені». Этот музыкально-визуальный фильм, дополненный кадрами флешмоба, стал ярким примером гармоничного союза традиций и современности.

Одновременное исполнение этих двух кюев 5000 участниками стало ярким символом масштабности и силы национальной культуры. Достижение было официально зарегистрировано главным редактором Книги рекордов Казахстана Кайратом Тазабековым, который вручил сертификат о новом рекорде акимату области Жетісу. Это событие получило высокую оценку как важное достижение не только для региона, но и для всей культурной жизни Казахстана.

По мнению организаторов, флешмоб вошел в историю не только как праздничное событие, но и как важное культурное наследие, укрепляющее духовную связь между поколениями и воспитывающее уважение к национальному искусству.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына байқау жариялайды

«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы - ғылым, шығармашылық, қоғамдық қызмет салаларында жемісті еңбегімен көзге түскен, сондай-ақ жоғары спорттық жетістіктері үшін дарынды жастарды мемлекет тарапынан қолдау мақсатында ұсынылады.

Байқау «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Қоғамдық қызмет», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» атты 10 номинация бойынша өтеді.

Сыйлық алуға халықаралық және республикалық конкурстардың, фестивалдар мен түрлі шаралардың лауреаттары, республикалық және халықаралық деңгейлердегі спорттық жарыстардың жүлдегерлері мен жеңімпаздары, сондай-ақ қызметі инновациялық болып табылатын және тиісті сала мен тұтастай қоғамды дамытуға ықпал еткен Қазақстан Республикасының 35 жасқа дейінгі азаматтары үміткер бола алады.

«Дарын» жастар сыйлығын алуға кандидатураларды орталық, жергілікті және өзге де мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер және Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген өзге де заңды тұлғалар жүргізеді және мынадай құжаттарды қағаз және электрондық түрде жібереді: 1) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын алуға арналған тіркеу өтінімі; 3) өтінішхат пен сыйлық

алуға ізденушінің жетістіктері туралы анықтама; 4) марапаттау дипломдарының, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда); 5) кандидаттың немесе кандидат туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда); 6) банктік шоттың болуы туралы анықтаманың көшірмесі; 7) кандидаттың жетістіктері туралы растайтын материалдар (болған жағдайда).

Жеңімпаздарға «Дарын мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріледі және олар дипломмен, төсбелгімен сондай-ақ қаржылай сыйлықпен марапатталады.

«Дарын» жастар сыйлығы 1992 жылы тағайындалған. Әр жылдары аталған сыйлықты түрлі саладағы 360-дан астам азамат иеленген болатын.

Конкурсқа қатысуға құжаттар 2025 жылғы 26 маусымнан 27 тамыз аралығында (қоса алғанда) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (қағаз нұсқа) мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 14-кіреберісінде, ал (электрондық нұсқа) premiya.daryn@mki.gov.kz поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 74-05-25, 8 (7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54 (жұмыс күндері, сағ. 9:00-ден 18:30-ға дейін).

«Дарын» мемлекеттік сыйлығы қағидасы <http://10.61.42.188/kaz/docs/V2300033016>



ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ЖАЛАУЫН ЖОҒАЛТПАҒАН АНА

Тарих – ұлттың жадында сақталатын ең асыл мұра. 1986 жылдың желтоқсанында болған алаңға шыққан жастардың жанайқайы – бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауы еді. Сол оқиғаның бел ортасында жүрген, ұлт намысы үшін басын бәйгеге тіккендердің бірі – менің анам.

Жуырда Бекмухамбетова Құралай Төлеуқызы Қазақстан Республикасы тарапынан «Желтоқсан құрбаны» куәлігін алды. Бұл – ауыр күндердегі азаматтық ерлігіне берілген әділ баға, тарихи әділеттің орнауы.

Желтоқсан – жай ғана тарихи оқиға емес, ол – ерлік пен намыстың символы. Ал бүгінгі бейбіт өміріміз сол батырлардың арқасында келгенін ұмытпауымыз керек.



Анамның куәлік алған сәті – біздің отбасымыз үшін үлкен мақтаныш. Бұл тек анама ғана емес, барша Желтоқсан ардагерлеріне көрсетілген құрмет деп білеміз. Ендігі ұрпақ сол ерлікті бағалап, тарихтан сабақ алуы тиіс.

Куәлік – осы үнсіз ерліктің дәлелі. Қарапайым бірақ қасиетті құжат. Онда Құралай Төлеуқызының есімі алтын әріппен жазылғандай сезіледі біз үшін.

Бүгінде біз бейбіт елде өмір сүріп отырмыз. Сол бейбіт күн үшін жанын қиған, тағдырын тәрк еткен, үнін жоғалтпағанның бірі – менің анам. Ол – менің батыр анам.

Анамның батылдығы мен патриотизмі – маған ғана емес, бүкіл қазақ жастарына үлгі. Желтоқсан оқиғасының шындығы мен қаһармандары ешқашан ұмытылмайды.

Анам Сарқан ауданының Қарабөгет ауылының тұрғыны. Менің анам құрметке лайық!

Перизат МАЛАЕВА.

● **Заң және тәртіп**

ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ НАЗАРЫНА!

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «Egov-KzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МAB) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МAB-на тіркеу болып табылады. МAB-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады: - композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама; - мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу; - қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

А.ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы аға әділет кеңесшісі.

АБАЙЛАҒЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 197 (153) интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаықтық 28,8%-ға азайған.

197 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-108, Текелі қаласы – 19, Ақсу – 9, Алакөл – 11, Ескелді – 10, Кербұлақ – 8, Көксу – 6, Қаратал – 10, Панфилов – 7, Сарқан - 9. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де

болуы мүмкін.

Интернет-алаықтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкіті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:
1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несиесі беру, мүлкіті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несиесі беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.
2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударым-

дар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПІАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

С. МЕРЕЙХАН,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры.

ДОЛГОСРОЧНЫЙ РОСТ: чистый инвестиционный доход с 2014 года составил 11,67 трлн тенге



С момента объединения пенсионных активов в ЕНПФ в 2014 году по состоянию на 1 июня 2025 года объем накопленного чистого инвестиционного дохода достиг 11,67 трлн тенге. С учетом произведенных выплат доля накопленного чистого инвестиционного дохода в общем объеме пенсионных накоплений казахстанцев по состоянию на 01.06.2025 г. составляет 39,6%, что свидетельствует о значимой роли инвестиционной деятельности в формировании пенсионных сбережений граждан.

Следует подчеркнуть, что доходность пенсионных активов за отдельные краткосрочные периоды времени не является показателем эффективности их управления, т.к. доходы в виде вознаграждения по финансовым инструментам и другим операциям, начисленные за короткий

промежуток времени, не всегда покрывают колебания стоимости ценных бумаг и курсов валют за данный период. Поэтому объективную оценку инвестиционного дохода целесообразно проводить за период не менее одного года.

Несмотря на краткосрочные колебания, доходность пенсионных активов, управляемых НБРК и сформированных за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных взносов, за последние 12 месяцев с июня 2024 года по май 2025 года составила 13,08% при инфляции 11,30%, размер начисленного инвестиционного дохода - 2,60 трлн тенге. Доходность ОПВР по состоянию на 1 июня 2025 года за последние 12 месяцев составила 11,39%.

В средне- и долгосрочной перспективе обеспечивается положительная реальная доходность пенсионных накоплений, опережающая уровень накопленной инфляции. Так, накопленная инвестиционная доходность с момента основания накопительной пенсионной системы в 1998 году до 1 июня 2025 года с нарастающим

итогом составила 972,48% при инфляции за весь период 884,38%.

Также напомним, что в Казахстане действует уникальная гарантия сохранности обязательных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции. В случаях снижения доходности в отдельном периоде, повлиявшего на накопленную доходность вкладчика при наступлении права на выплаты, компенсация разницы гарантирована государством.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Статистика и аналитика/Инвестиционное управление пенсионными активами».

Пресс центр АО ЕНПФ.

• Заң және тәртіп

Жемқорлықпен күрес - басымдықта

Жемқорлық (латын тілінде corruption – сатып алу) яғни лауазымы үлкен адамдардың өзіне тапсырылған қызмет мүмкіндігін шеттен тыс пайдаланып, өзінің пайдасы үшін қоғамға жасалған қауіпті іс-қимыл әрекеті. Жемқорлықтың бір көрінісі пара болып табылады. Пара ақшалай немесе зат ретінде беріледі. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты; Сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер қатарына қояды және мемлекет пен қоғамды осы келеңсіз құбылыспен күресте күш-жігерді біріктіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат — мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі, оның ішінде келесі міндеттерді шешуге бағытталған шараларды қамтиды:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау мен жазалаудың тиімділігін арттыру;
- сыбайлас жемқорлықты оның барлық көріністерінде қоғамдық қабылдаудан бас тартуға жағдай жасау.
- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңның қабылдануына орай алдын алу және қылмыстық-құқықтық құралдардың ақылға қонымды

теңгерімі бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі құрылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту және оның кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру арқылы азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреске белсенді түрде тартылуда. Қазақстан Республикасының Президентіне бағынатын және есеп беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тәуелсіз уәкілетті орган — Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) құрылды. Агенттік мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты жүргізушісі бола отырып, өз қызметінде тиімді алдын алу, ауқымды ағарту, қоғаммен сындарлы әріптестік және қылмыстық-құқықтық шаралар элементтерін ұштастырады.

Жобалық басқару шеңберінде әрбір мемлекеттік орган үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлгілік базалық бағытты енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің үйлестіруші әлеуетін күшейтеді.

А. КАСЫМОВА,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ КИ.

• Денсаулық

КӨЗ БҰРШАҒЫ АУЫСТЫРЫЛДЫ



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында Талдықорған қаласындағы «Көксу Мед» офтальмологиялық клиникасында асқынған катаракта диагнозы қойылған 60 жастағы әйелге көз бұршағын алмастыру бойынша ота сәтті жасалды.

Катаракта — көз бұршағының бұлдырлануы, уақыт өте келе көру қабілетінің біртіндеп төмендеуіне алып келетін кең таралған сырқаттардың бірі. Әсіресе егде жастағы науқастарда асқынған жағдайларда бұл ауру өмір сапасын айтарлықтай төмендетіп, тіпті толықтай соқырлыққа әкелуі мүмкін. Бұл дерттің жалғыз тиімді емі — бұлдырланған бұршақты жасанды интраокулярлы линзаға хирургиялық жолмен ауыстыру.

Constellation аппаратының көмегімен жасалатын операция көзге барынша дәл әрі қауіпсіз араласуға мүмкіндік береді. Құрылғы ота кезінде көз ішіндегі қысымды тұрақты ұстап тұруды және көз тіндеріне барынша аз зақым келтіруді қамтамасыз етеді.

Офтальмохирург Азамат Иманқұловтың айтуынша, операция ауырсынусыз әрі тез өтеді, ұзақтығы 30 минуттан аспайды. Ал бір тәуліктен кейін-ақ пациенттің көру қабілеті 60-70%-ға дейін қалпына келіп, бірнеше апта ішінде қалыпты өмір салтына оралуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

• 101 ескертеді

Егістік алқабын қауіпсіз жинау

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері халыққа астықты өңдеу және сақтау бойынша объектілерде өрт қауіпсіздік шаралары туралы тұрақты негізде рейдтік іс-шара өткізуде және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпаратты жеткізуде. Астық жинау науқаны басталды, әрине өсірген егінді уақытылы жинап алу және шығынсыз сақтау өте маңызды.

Егін жинау кезінде:

- Темір жол және тас жол жанындағы жолдарда масақ дақылдарын егуге тыйым салу. Бұл жолдарда шабылған шөпті егін массивтеріне 30 метрден кем емес ара қашықтықта шөмелерге жиыстырып қою керек. Темір жол, тас жолдардың, орман массивтердің және дала жолдарының бойындағы егін массивтердің енін кемінде 6 метр жолмен жырту керек. Комбайндардың жұмысы алдында егін массивтердің периметрі бойынша терең дискілеуін өткізу, егіс даласын учаскелерге бөліп, торлардың араларында комбайнның бір күндік өңдеуінен көп емес алаңында енін кемінде 6 метрдей жолды жырту керек. Егін өтетін дала жолдарды жауып, егіннің пісу және жинау уақытында егін массивтерінен кез келген көліктің жүруіне тыйым салынады.

- Егістерде орылған егістің, жем қалдықтарын жағуға, алаулар жағуға тыйым салу.

- Жинап жатқан егін массивтердің жанында өрт болу жағдайына трактор мен соқа дайындап қою керек.

- Қозғалтқыштың радиаторындағы шаңды пайдаланған газдардың көмегімен тазартуды егін массивтерінен тыс жерде өткізу.

Жинау машиналардағы подшипниктерді және басқа қажалатын бөлшектерді майлауды, битек біліктерін, тасымалдағыштардың сабан тығыздауыштарын және комбайнның басқа айналатын бөлшектері мен түйіндерін оратылып қалған сабаннан тазартуды уақытында өткізу.

- Жинау машиналардың шнектерін және тасымалдағыштарын жемнен және сабаннан жүйелі тазарту.

- Тракторларға, комбайндарға және басқа көліктерге жанармайды тек сәндірілген қозғалтқышта жанармай құюшы құю керек, көліктерге түнгі уақытта жанармай құюына, жанармай құю кезінде темекі шегуге және ашық отты қолдануға тыйым салу.

- Жинау машиналарды және агрегаттарды жөндеуді және қоюды егін массивтерінен 30 метрден кем емес ара қашықта жүргізу қажет. Жөндеу және тұру орнын ені 6 метрден кем емес жолмен жыртады.

- Комбайндарды аптасына кемінде екі рет жуу қажет.

Біздің облысымыз биылғы жылы астық өніміне бай болатынына уәде береді. Дәннен жұпар нанға дейінгі барлық буынды жолдар өрттерден қорғалуы тиіс. Сол себепті өрт қауіпсіздік қағидаларын сақтау кезінде біз егіншілердің қиын еңбектерін сақтай және арттыра алатынымызды әрдайым есте сақтау қажет.

Ә. ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы 2024 жылдың көктемінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен бастау алып, бүкіл ел аумағында жалғасқан кең ауқымды шараға айналды. Бұл кампанияның негізгі мақсаты — табиғатты тазарту ғана емес, халық арасында жаңа экологиялық мәдениет қалыптастыру болатын. Мемлекет басшысы қолдаған бұл игі істі қоғамның барлық өкілдері, әсіресе жастар жағы жылы қабылдап, жаппай атсалысты. Нәтижесінде аз ғана уақыт ішінде миллиондаған қазақстандықтар тазалық шараларына үлес қосып, туған өлкесінің экологиясын жақсартуға өз қол ұшын созды.



Жыл бойы жалғасады

Акцияның мақсаты-экологиялық мәдениетті қалыптастыру, "адал адам — адал еңбек — адал табыс" патриотизм құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау. Бұл, президент атап өткендей, "уақытша акция емес, бұл маңызды жоба жыл бойы жалғасуы тиіс".

Ал біздің аудан жастары да аталмыш акциядан шетте қалмады. Атап айтқанда 1 маусымнан 35 адам «Жасыл ел-еңбек жасақшылары» қатарына қабылданды. Олардың тікелей қатысуымен 53 түрлі шара өткізіліп, 12 тонна қоқыс жиналған. Бұл жұмыстарға Сарқан қалалық округінің еңбек жасақшылары ғана емес ауылдық округтегі белсенді жастар да тартылған. Әсіресе «Таза жағалау» арнайы акциясы белсенді жүргізілді. Саялы өңірімізге тіршілік нәрін тарататын Сарқан өзенінің жағалауы осынау акция аясында бір тазарып қалды. Алдағы уақытта «Жасыл ел-еңбек жасақшылары» Балқаш көлінің және Теректі, Басқан өзендерінің жағалаын тазарту жұмыстарын жүргізбек.

Өз тілшіміз.

ЗАГОТОВКА СЕНА — БЕЗ ПОЖАРОВ

В Сарканском районе полным ходом идет уборка урожая и заготовка сена. Сентябрь, октябрь — месяц разгара сезона, когда учащаются случаи пожаров, многие из которых приводят к большим убыткам. Сотрудники ОЧС Сарканского района убедительно просят граждан, сельчан, работников крестьянских хозяйств соблюдать предельную бдительность и выполнять правила пожарной безопасности.

Крестьянским хозяйствам, в первую очередь, необходимо обратить внимание на техническую исправность транспорта. На тракторах и уборочных машинах непременно должен присутствовать искрогаситель, а также первичные средства пожаротушения. За полную комплектацию несет ответственность не только владелец транспорта, но и водитель. В случае нарушения, в ходе проверки, им обоим придется оплатить штраф. С физического лица от 1 до 3 м.р.п., с должностного — от 5 до 25 м.р.п. Но, как показывает практика, штрафными санкциями многих не напугать.

Люди оплачивают и продолжают также работать, не задумываясь о последствиях. Немалую опасность представляют и заготовленные на зиму корма — сено, солома. Как утверждают специалисты, в большинстве случаев это происходит по халатности самих людей. Заботясь о своей скотине, заготавливая сено на зиму, большинство сельчан не выполняют элементарных правил пожарной безопасности, а потому становятся потенциальными нарушителями. Здесь инспекторам куда сложнее бороться. Многие даже не боятся стога сена хранить в непосредственной близости от труб печного отопления.

В целях соблюдения правил пожарной безопасности, Сотрудники ОЧС Сарканского района рекомендуют хранить стог сена не ближе 50 метров от жилого здания, от линии электропередач на расстоянии 15 метров. Как мы знаем тушения стог сена — сложный и трудоемкий процесс. Даже при малом порыве ветра, если не приняв быстрых действий, клочки горящего сена в миг разлетятся по всей территории не только своего участка, но и соседних. Чтобы его потушить — понадобится несколько часов. Один полив — не поможет. Сено придется разгребать на несколько сотен кусков, и только потом по отдельности локализовать.

М.САРКУЛОВ,

инженер ОЧС Сарканского района, ст. лейтенант гражданской защиты.

Алыстағы ағайын

Әрбір адам дүниеге келгенде өзінен қандай да бір із қалдырып, бұл әлемнен бақи дүниеге кетеді. Бірақ мәңгі жасайтындар бар, олардың ізгі істері, ұлы сөздері, қайталанбас мұрасы жүрегімізде өшпестей сақталады. Осындай биік мәртебеге қол жеткізген ұлы жандардың бірі — Жақсылық Молдабеков ағамыз.

Жақсылық ағай 1942 жылы 15 мамырда Қазақстанның Шымкент облысы Келес ауданындағы Ғани Мұратбаев атындағы совхозда қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Бес жасында Қызыл әскер атындағы мектепте алғаш рет сабақ алды. Мектепті үздік бағалармен аяқтап, алтын медальмен бітірді, ерекше қабілетімен жастайынан-ақ айналасындағылардың назарына ілікті. Ғылымға деген құштарлығы оны Ташкентке — Низами атындағы педагогикалық институтқа жетеледі. Ол жерде физика-математика факультетін сәтті аяқтап, туған жеріне оралып, өзі оқыған мектепте алғашқы мұғалімдік қызметін бастады.

Алайда Жақсылық ағайдың қабілеті тек ғылыммен ғана шектелмеді. Ол өнерге де, әдебиетке де ерекше ықыласпен қарады, шынайы қызығушылық танытты. Біртуар жан мектепте оқып жүргенде-ақ өлең жаза бастады. Оның лирикалық өлеңдері — "Мектебім," "Келесім," "Шолпан" сияқты туындылары көпшіліктің жүрегінен орын алды, табиғи, қарапайым және жүректен шыққан өлең жолдары барлығын баурап алды.

Жақсылық ағай өнер саласында да белсенді болды. Ол керемет әнші, домбыраны және музыкалық кез келген аспаптарды шеберлікпен тартатын дарын иесі еді. Ол домбыраны сол қолымен тартатын, осы қалпының өзі-ақ оның ерекшелігін көрсетіп тұрғандай. Домбыраның үнімен сырқаған әндері адамдарды ерекше баурап, өмірге жігерлендіріп, қайғысына дауа, қуанышына ортақтасты. Оның қатысуынсыз ешқандай іс-шара, ешқандай той өтпейтін.

Дарынды адам бір салада ғана емес, бірнеше салада өзін көрсете алады. Жақсылық ағамыз да осындай талант иесі еді. Ол жоғары білімді оқытушы ғана емес, сонымен қатар экономист-кибернетик болды. 1966 жылы Ташкент халық шаруашылығы институтының экономика және кибернетика факультетінде сырттай оқи бастады. Оқумен қатар институттың электронды есептеу орталығында оператор-бағдарламашы болып жұмыс істеді. Білім алуға бар ынтасын салған Жақсылық ағай институтты қызыл дипломмен бітірді. Ғылымға деген шексіз қызығушылығы оны ғылыми ізденістерге жетеледі. Ол экономика саласында кандидаттық, содан кейін докторлық диссертациясын қорғады. Көп ұзамай профессор атағын алды. Мұндай үлкен жетістіктерге жетуіне оның еңбекқорлығы, білімге деген құштарлығы мен өз мақсатына деген берік ұмтылысы басты себеп болды десек, шындық болар еді.

Жақсылық ағайдың достары оны "пәк көңілді, мейірімді, адал және өте қарапайым адам" ретінде еске алады. Ол үнемі халыққа қызмет етіп, қоғам жанашыры болды, адамдарға пай-

Жанын өткен ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

да келтіруді мақсат етті. Ташкенттегі қызметі барысында көптеген жастарға ғылыми жетекшілік етіп, оларды отансүйгіштікке, білімге құштарлық пен әдептілік рухында тәрбиеледі. Тойларда үш тілде — қазақ, өзбек және орыс тілдерінде сөйлеп, көпшіліктің назарына түсіп, оларды біріктіре алатын. Оның әдемі сөйлемдері көпшіліктің жадында, тілінде және ойында қалды.

Өкінішке орай, осындай жан-жақты кемел, жүрегі нұрлы жан 46 жыл ғана өмір сүрді. 1988 жылдың 30 желтоқсанында оның өмірі мезгілсіз аяқталды. Оның арман-қиялдары, ғылыми жоспарлары, әдеби жобалары орындалмай қалды. Бірақ ол тәрбиелеген балалары, қалдырған қайталанбас мұрасы, ұстаздық мектебі, жүректердегі өшпес іздері мәңгі жасай береді.

Жақсылық Молдабеков ағадан кейін де биік ұрпақ өсіп жетілді. Оның жұбайы Аққан анамыз 2 ұл мен 6 қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олар мемлекеттік қызметте, кәсіпкерлікте, ғылымда өз орнын алған, беделі жоғары жандар. Атап айтқанда, Жақсылық ағаның ұлы Нұрлан Молдабеков Ішкі Істер саласының полковнигі. Көп жылдар ОБХСС саласында қызметтер атқарды.

Жақсылық ағаның есімін құрметтеу және мәңгі есте қалдыру мақсатында Қызыл әскер ауылындағы мектептің математика кабинетіне оның есімі берілді. Сонымен қатар, ол туып-өскен аудандағы үлкен көшелердің біріне де оның есімі берілді.

Айта кеткенімізде, Жақсылық аға бір бағытта емес, бірнеше салада өзін көрсете білген дара тұлға еді. Ол спорттың бірқатар түрімен де айналысып, әрқайсысында жоғары нәтижелерге, чемпиондыққа қол жеткізген. Волейбол, футбол, теннис және бильярд бойынша шебер ойын көрсетіп, аудандық және облыстық деңгейдегі жарыстарда командасымен бірге үнемі жоғары орындарды иелейтін. Тіпті республикалық деңгейдегі жарыстарға да сәтті қатысқан.

Сонымен қатар Жақсылық аға шахматты да жоғары шеберлікпен ойнайтын. Ағаның ойынында өзіндік зеректік, терең ойлау және өткір интуиция айқын көрініс табатын. Бір сөзбен айтқанда, Алла тағалла Жақсылық



ағаны сегіз қырлы бір сырлы, сері жігіт етіп жаратқан еді.

Жақсылық ағаның інісі әрі шәкірті — профессор Мырзатіллә Абдуллаұлы ағасына деген шексіз құрметін дәлелдеп, 1992 жылы Жақсылық ағамыздың 50 жылдығына орай, «Көктемім менің» атты өлеңдер жинағын жарыққа шығарды. Араға отыз жыл салып 2022 жылы ағасының 80 жылдық мерейтойына арнап «Жақсылық» атты көлемді кітапты басып шығарды. Мырзатіллә Абдуллаұлының бұл еңбектері — аға рухына деген шынайы құрметтің жарқын белгісі болды. Бұл туындылар арқылы ол Жақсылық Молдабековтің жарық бейнесін ел жадында сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуді, олар үшін өнеге, ұмытылмас естелік ретінде маңызды мұра етіп қалдыруды өзінің шәкірттік парызы санады.

Әрбір қоғам осындай үлгілі жандарымен мақтанады. Жақсылық аға — қысқа ғұмырында өшпес із бен үлкен мағына қалдыра білген, жүректерде өшпес нұр болып жанып тұрған қайталанбас адам ретінде әрдайым жадымызда қалады. Оның еңбекқорлығы, білімге деген құштарлығы және халыққа қызмет етуге деген ұмтылысы оның тамаша өмірінің мәні мен жетістіктерінің негізі болды. Ең бастысы — ол адамдардың жүрегіне нұр шаша алды.

Жақсылық ағай — шын мәніндегі хас талант иесі еді. "Жақсыға жүрім жоқ" демекші, арманы ішінде кеткен ағамыз тірі болғанда биыл 83 жасқа толар еді. Амал нешік? Көңілге медеу болатыны — Жақсылық ағамыздың жүрегінен жарып шыққан өлеңдері, әндері мен айтқан асыл сөздері ел есінде мәңгілік сақталмақ. Ол нағыз халықтың перзенті еді. Оның өмірі көпшілікке үлгі боларлық мектеп болып қалады.

Сөзімізді қазақтың айтыскер ақыны Төлеген Жамаловтың Жақсылық Молдабеков ағамызға арнап шынайы құрметпен өрнектеген көркем жыр жолдарымен түйіндегенді жөн көрдік:

Абыз аға, арадан ерте кеттің,
Жақсылықты жаныңа желкен еттің.
Туған түгіл ту ұстар туысқан деп,
Жетімді де жебедің, еркелеттің.
Мейіріммен нұр шашып маңайыңа,
Елдің қамқор болдыңыз талайына.
Көпшіліктің көгертіп көсегесін,

Сыйдырдың көңіл деген сарайыңа.
Арқаңа жүгін артып қара нардың,
Бәріне білім бердің балалардың.
Ташкент түгіл Мәскеудің төрінде де
Алғысын арқаладың ағалардың.
Арландай адал едің жолдасыңа,
Артықша қасиетің ол да сірә.
Жан-жақтан білім іздеп келгендердің,
Сен едің ортасы да, ордасы да.
Шындыққа, шыңға біткен шынар едің,
Қарсы алып, құшақ жайып тұрар едің.
Алаштың арыстарын ардақ етіп,
Өзің де көп білуге құмар едің.
Босбелбеу, жағымпазды ұнатпадың,
Шын дарынды шыңдадың,
құлатпадың.

Елдің ең еңселі қаласы деп,
Ташкентте еңбек етіп тұрақтадың.
Есептерді талдадың, әліптерді,
Еңбегің еш кетпеді, дәріптелді.
Білімнің ұясынан сен ұшырдың,
Қаншама қарлығаштай шәкірттерді.
Қазақтың салт-дәстүрін

кош көруші ең,
Қай кезде домбыраға дес беруші ең.
Ем іздеп елден келген бәз біреуді,
Егіз деп бауыр тартып ескеруші ең.
Көрсетем деп жүргенде қолда барды,
Уа, Жақа, арман қалай жолда қалды?
Докторлық дәрежеңді жұрт білгенмен,
Алынбай академик ол да қалды.
Тәңірдің бұйрығына тосылар кім,
Көзінде көнелердің жасы бар-тын.
Нүктесі қойылмаған өлең сынды,
Өмірдің жалғандығы осы белкім.
Есіміңді езіліп ел айтады,
Ел айтады, көңілді мұңайтады.
Жарқ еткен жасын сынды

Жақсылықты,
Жалғаннан жоғалды деп кім айтады?
Өлмейді өнегелі, өнерлі адам,
Көңілі керегедей көлемді ағам.
Өзіңнің өміріңнен сыр айтады,
Абай айтқан өсекші өлең мағын.
Өлеңнің сол емес пе қағидасы,
Жоғары адам еді деп ар-ибасы.
Солақай домбыранды шерткен кезде,
Солқылдар жүректердің жазирасы.
Өлең жаздың ақын боп қаннан берген,

Заңғар ұл ең замандай самғар
белден.
Асылы арғы атаңның қасиеті-ау,
Шабандоз Молдабектей шалдан
келген.

Кім білмес Молдакеңдей
шалды атақты,
Ән салып, домбырасын арқалапты.
Сырдың бойын шулатқан
сері шалдың,
Тақымынан ешкім көкпар тарта
алмапты.

Осындай шалдан қалған оғлан аға,
Парман бидің Сұлтанына іні болған
аға.

Лесбек Пілтөңдай батыр асылдардың,
Ағалық бар тәлімін алған аға.
Ініні ізіндегі дара көрген,
Сізге қамқор Қалдар мен
Қожамберген.

Өмірлік ұстаздарың ұмытылмас,
Ұлы жол Бейсен, Бекмұраттай
аға берген.

Ағалардың өзің де ірі болдың,
Тойдың да, сауықтың да дүрі болдың.
Асылдардың арнасына құлаш ұрған,
Тегі мықты тектілердің бірі болдың.
Ескінің әңгімесін елде қалған,
Үлкен-кіші құрметтеп, төрде болған.
Аққандай асыл жарды серік етіп,
Аққудай аяладың көлге қонған,
Ұрпағыңа берген соң Тәңір ұл-қыз,
Бәріміз сіздің сабақтасқан

тағдырыңбыз.
Мәңгілік ел есінде ескірмейді,
Жақандай жанып өткен

жарық жұлдыз.
Аманғазы ШЕГІРОВ,
Алматы облысының
Құрметті азаматы.

Ел үмітін ер ақтар

Арғынғазы СЫЗДЫКОВ

Әділетті Қазақстан құру -
болашақтың кепілі

Біз өрлеуді өмірінің өзегі еткен халықпыз. Өркениетті ел болу үшін терең білімді игілікке жаратып, аянбай еңбек етуіміз қажет. Сонда ғана басты мақсатымыз халқының әлауқаты жоғары білімі мықты, қуатты ел боламыз.

Қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың саясатын қолдауымыз керек. Әділетті Қазақстан құру ішкі жемқорлықты жою, халқымның бірлігін ойлау мен үшін ең құнды мәселе деп отыр. Ел басқару, мемлекет басшысы болу халыққа қызмет ету оңай шаруа емес. Өте күрделі мәселе. Еліміздің басты құндылығы- адам. Бұл айқын нәрсе.

Тоқаевтың Үкіметке қойған талабы орынды. Жергілікті халықтың ой-пікірін тыңдау керек дейді. Жақсы болса бірге бірігіп іске асыру керек, егер дұрыс болмаса кемшілігін жою керек те, халыққа көмектесу шарт деп үндеулерінде адами құндылықты басты назарда ұстайды.

Ауылшаруашылығын дамыту- негізгі проблеманың бірі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні - осы.

Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу.

Елімізді қорғаудың ең басты жолы - берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ. Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Қазір оның өзектілігі арта түсті. Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған. Біз дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуіміз керек. Тіршілік тоқтамайды, жаһандық үлкен істерден үлгі болатындай шаруамен айналысып, жемқорлықты жою білуіміз керек. Ел ішіндегі қоғамдық дамудың қарқыны күн сайын артып келеді.

Біз таңдаған жолымыздан айнымаймыз!

Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Қасиетті Отанымызды бірге өркендетейік, ағайын! Бәрі де болашақ үшін!

Жетісу облысы қайта құрылғанда облыс әкімінің тізгіні Исабаев Бейбіт Өксікбайұлына бұйырды.

2024 жылдың басында халықтың өтінішін арқалап облыс әкімінің қабылдауында болдым. Сарқан ауданы мен Мұқан Төлебаев ауылының арақашықтығы 300 шақырым қашықтықта болғандықтан халықтың ары-бері қатынауы қиындады.

2018 жылға дейін кезінде Бөрлітөбе ауданының орталығы болған Лепсі ауылында халыққа қызмет көрсету орталығы жұмыс жасап тұрған. Өкінішке орай 2018 жылы бір себептермен қысқарып, жабылып қалған.

Лепсі орталығынан қайтадан халыққа қызмет көрсету орталығын ашып беруді сұрап облыс әкімінің

Қоғам белсендісі, мемлекет қызметкері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Арғынғазы Сыздықовтың «Алматы-Болашақ» АҚ баспасынан жарық көрген «Егеменді ел болуды қолдадым, Халқымның болашағын ойладым...» жинағында туған жердің бүгінгі мен келешегі туралы толғаныстары топтастырылыпты. Өскен елінің өркені өссе, көсегесі көгерсе деген ниетпен шындық деп шырылдап жүрген азаматтың бұл жазбалары өмірдің өзінен өрнектелген ой-толғанысы болып табылады.

Алпыстың үшеуіне келген туған күні құрметіне өткен өмірін бүгінгімен сабақтастыра отырып оқырманға ұсынған Арғынғазы Сыздықовтың кітабынан үзінді ұсынып отырмыз.

қабылдауында болдым. Мені жылы жүзбен қарсы алып, екеуміз құрдас екенбіз деп жақын сөзге тартып қандай мәселемен келдіңіз деп сұрады. Мен осы жағдайды түсіндіріп, Сарқан ауданы орталығының қашықтығын айтып Лепсі кентінен халыққа қызмет көрсету орталығын ашып беруін сұрадым.

Бейбіт Өксікбайұлы бұл мәселені қолдап, құзырлы мекеменің басшыларына және аудан әкіміне тапсырма берді. Бұл өзекті мәселені халық үшін біз бәріміз бірігіп әріқарай іске асыру міндетіміз деп уәде беріп шығарып салды. Қазіргі таңда жұмыс жүріп жатыр. Бірақ бір күндік іс емес болашақтың ісі. Бейбіт Өксікбайұлының сабырлығына, ақылдылығына, жақсы істі қолдағанына мен риза болып шықтым. Ол кісінің елшілікте қызмет атқарғанынан, әр салада қызмет жасағанынан, содан тәжірибе алғанынан осы Жетісу облысының әкімдігіне нағыз лайық азамат екеніне көзім жетті. Халық үшін жасалған әрбір істің нәтижесі жақсылыққа жеткізетіні анық.

Саялы Сарқанның жемісті кезеңі

Сарқан ауданының әкімі- Маманбаев Ғалымжан Қанатұлы көп жылдар бойы осы ауданға Сарқан ауданының әкімнің орынбасары болып халыққа адал қызмет жасап, өзі үлкен тәжірибе жинап үлкен мектептен өтіп шыңдалды. Қай кезде болса да ақ көңіл мінезімен үлкенді аға деп, кішіні іні деп халықтың болашағы үшін еңбек етуде. Біздің Қарашыған ауылдық округін қай кезде болса да қолдап, шалғайдағы ауыл екенін ескеріп сол өңірдің дамуына ықпал етіп келеді.

Қазіргі таңда Сарқан ауданы әкімі ретінде Сарқан ауданын басқарып, бірнеше ұлттың басын қосып, халықтың бірлігін ойлап, ауданның дамуына үлесін қосып келеді. Халықтың таңдау жасап, Ғалымжан Қанатұлын аудан әкімі лауазымына сайлағаны мемлекеттің болашағының кепілі.

Ғалымжан Қанатұлына Сарқан ауданының халқы үлкен құрметпен қарайды. Әділетті Қазақстан құруға өзінің еңбегімен үлесін қосып еңбек етіп жүрген азамат. Әрқашанда осындай ақылды, білімді, даналығымен ауданы көштен қалмасын деп халқының болашағын ойлап адал қызмет атқарып жатқан беделі зор тұлға деп білемін. Осындай білімді азаматтар Қазақстанда көп болса екен деп тілеймін.

Сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою

XX ғасырда қазақ жерінде төңкеріс болып Совет Одағы деген үлкен мемлекет құрылды. Бірінші - маймылдан туғансыңдар деп тексіздендірді. Екінші - коммунизмге барамыз деп халықты жалқау жасады. Үшінші-діннен, тілден айырды. Төртінші-ішімдік сатылмаса бюджетте ақша болмайды деп халықты маскүнем жасады. Бесінші-саудасаттық, кәсіп жасауға болмайды деп қорқытып халықты сендірді. Баюға болмайды, орташа өмір сүру керек деп бүкіл Қазақстандағы дүниені үкіметтің меншігіне айналдырды. Халықты өлместің күнін көріп, өмір сүруге бейімдеді. Содан XX ғасырдың аяғында XXI ғасырға аяқ басқан кезде Совет Одағы ыдырады. Ақырындап колхоз, совхоздар ұжымдар құлдырай бастап, не бір алаяқтар пайда болып, баюдың көзін ойлап, қазақ халқының дүние-мүлкін тонай бастады. Баскесер бұзақылықтар пайда болып, әлсіздерді қорқытып, өсек-өтірік әңгімелер жіберіп мемлекеттің болашағы үшін көп адамдар өмірлеріне немқұрайды қарады. Үлкен тоқырау заманы басталды.

Осындай қиыншылық, жауапсыздық, заңсыздық Сарқан ауданын айналып өтпегені белгілі. Балқаш көлдің балығы пайдакүнемдердің көз құртына айналды. Біз осы аумалы-төкпелі кезеңнің ауыртпалығына куә болғанбыз. Алаяқ жемқорлар халықты алдауын жалғастырып, бір күндік өмір сүруді ғана ойлап мемлекеттің дамуына үлкен кедергілер жасап, халықтың білімді, адал болуына қарсы жұмыс жасап, өтірік-өсекті халық ішінде насихаттай бастап халықты екіге бөлуге тырысты.

Ұзақ жылдар еңбек етіп, балық аулау саласында «Үлгі» кооперативінің қалыптасуына адал еңбек еткен Тастанбаев Бейсембай ағамыз Ресей мемлекетінен балық саласының жоғарғы оқу орынын тәмамдаған. Үлгі ауылына келіп кәсіби маман ретінде ауылымыздың болашағы үшін балық саласында оқып келген тәжірибесін халықтың мүддесіне жұмсады. Балық саласын дамытып, жақсы маман екенін дәлелдеп, «Үлгі» кооперативінің басшысының орынбасары болып қызмет етті. 1997 жылы мен осы «Үлгі» балық аулау кооперативіне басшы болып келгенде ағамыз басшының орынбасары болып еңбек етіп жүр еді. Ағамыз мені қолдап, мен Бейсембай

« Арғынғазы СЫЗДЫКОВ »

ЕГЕМЕНДІ ЕЛ БОЛУДЫ
ҚОЛДАДЫМ,
ХАЛҚЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫН
ОЙЛАДЫМ...



ағамды қолдап сыйласып, ұжымда бірге еңбек еттік. Бейсембай ағамыз мәнсап, атақ, байлыққа қызықпайтын адал адам еді.

Тәртіп - басты орында

1997 жылдары Талдықорған қаласының ішкі істер бөлімінің басшысы болып полиция полковнигі Избасаров Өмірбек Қалиұлы қызмет атқарды. Өмірбек Қалиұлымен таныстығым бар еді.

Сол жылдары баскесерлер, бұзықтар жастар арасында көбейіп, жанжал, алаяқтық әрекеттерді өз мүдделеріне пайдаланып, баюдың көзін ғана ойлап мемлекетіміздің дамуына кедергілер жасаған адамдар пайда болды. Қиыншылықты жою үшін мен Өмірбек Қалиұлына осы іске араласып көмектесуін сұрадым. Өмірбек Қалиұлының «мемлекеттің дамуы, халқымыздың болашағы үшін алаяқтардың бәрін тәртіпке шақыру керек, ол полицияның міндеті» деп айтқаны менің әлі есімде. Полиция қызметкерлерін өзіне шақырып «Балқаш көлінің балығына қызығып, халықты қорқытып білгендерін істеген қарақшыларды, тәртіпсіздікті жою мақсатында көлдің жағасына барып, жатып-тұрып, күндіз-түні бақылап, кінәлілерді тауып, заң жүзінде жазалап, қылмыстық іс қозғап, әрекет етіндер» деп тапсырма берген. Тапсырманы орындау үшін полиция қызметкерлері екі жылдай сол өңірде бірнеше заңды бұзған қылмыстарды ашып, алаяқтарды қуып, сыбайлас жемқорларды қамап, біраз еңбек етіп, аз да болса тәртіп орнаған. Өмірбек Қалиұлына әрқашанда мен құрметпен қараймын. Мемлекеттің болашағы үшін Президенттің саясатын қолдап, әділетті Қазақстан құру үшін ағамыздың зор үлес қосқаны бар еді. Мен ол кездегі болған оқиғаларды ұмытуға болмайтынын біліп қиынқыстау кездегі қол ұшын бергені тарихи оқиға деп есептеймін. Қазақстанда осындай әділ азаматтар көбейсе екен деп ойлаймын.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген киелі сөз бар. Біздің Жетісу өңірінде халық арасында үлкен мәртебелі тұлға болып жүрген азаматтардың барлығын дәтке қуат етеміз.

ӨТКЕН КҮНГЕ КӨЗ САЛСАҚ ЕЛ МАҚТАНЫШЫ БОЛҒАН ЕРЛЕРДІҢ ӘРЕКЕТІ БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ ЕЛДІК БОЛМЫСЫМЕН АСТАСЫП ЖАТАДЫ. ЕЛ АЗАМАТЫМЕН ТАНЫЛЫП, АЗАМАТЫНА АРҚА СҮЙЕП ҮЙРЕНГЕН ЕЛДІҢ МЕРЕЙІН СОЛ ЕР АЗАМАТЫНЫҢ ӨРЕЛІ ІСТЕРІ ӨСІРМЕК.



Бақыттың кілті – ЕҢБЕКТЕ

Еңбегі ел кәдесіне жарап, ауылымызды көркейту мен шаруашылықты қалыптастыруда табысты еңбек еткен ардақты азаматтарымыздың бірегейі Аманбаев Орынтай Құдайбергенұлы 1950 жылы қыркүйектің 13 жұлдызында Алматы облысы Ақсу ауданына қарасты Ворошилов (қазіргі Көктерек) ауылында қарапайым отбасында дүниеге келеді. Кейін 1952 жылы Ворошилов ауылының орталығы тарап, Көктерек, Ворошилов Қызыл орақ колхоздары қосылып, Лепсіден 45 шақырым, Сараттан (Қызыл қайың) 75 шақырым жерде тұратын Лепсі өзенінің бойына Максим Горький (Көктерек) ауылы құрылады. Әкесі Аманбаев Құдайберген 1900 жылы Қанжығабұлақ өлкесінде дүниеге келген екен. Мал бағып, егін суарып, сушы-маман атанады. Әкесінің көзін көргендер бала кезінде «сушы-маманның» баласы деген. Әкесі сұрапыл соғыс жылдарында Отан қорғауға аттанып, 1941-1947 жылдарда «Трудовая армия» қатарында болады. 1947 жылы елге оралып, Рысқұл қызы Гүлжамиламен отау құрып он баланы дүниеге әкеледі бірақ сәбилері қылшамен ауырып шетінеп тұрмаған соң орнына келген нәрестеге ырымдап «Орынтай» деп атын қояды. Одан кейін дүниеге Алтынжан есімді қыз келеді. Бүгінде 72 жаста, балалы-шағалы, Талдықорған қаласында тұрады. Әкесі бақытты ғұмыр кешіп 1987 жылы дүние салады. Шешесі Рысқұл қызы Гүлжамила 1913 жылы Сарат (қазіргі Қызылқайың) өңірінде дүниеге келеді. Есейіп ержетіп отау құрған әр әйел ұрпақ өсірумен қатар отбасының берекесін сақтап, қамшының сабындай қысқа өмірде ерімен бірге мал бағуға егін орағына көмектеседі. 1972 жылы дүниеден өтеді. Үш ағайынды, ағасы Қалибай соғыстан оралмайды, әпкесі Нұржамал Қойлық өлкесінде дүние салады. Артында қалған ұрпақтары өсіп-өніп келеді. Орынтай ата 1958 жылы Көктерек ауылындағы Мұхтар Әуезов (қазіргі Мәншүк Мәметова) орта мектебінің 1 сыныбына оқуға барып, 1968 жылы 10 сыныпты бітіреді. Сол жылы Ақсу ауданында жаңадан ашылған құрылыс техникумының «Азаматтық құрылыс бөліміне» оқуға түсіп оны 1971 жылы жақсы аяқтап шығады. Алғашқы еңбек жолын жаңадан құрылған Торғай облысы (бұрынғы Қостанай өлкесінен бөлініп шыққан) «Сельстройтресс» мекемесінен бастайды. Облыс көлемінде 4-5 айға жуық, құрылыс бөлімінде прораб болып еңбек етеді. Арнайы жолдамамен Амангелді Иманов атындағы ПМК-ға инженер - прораб болып ауысып, 1 жыл жұмыс жасайды. Одан Алматы облысына қарасты Сарқан ауданы Қарабөгет



ауылына құрылыс шебері болып жұмысқа орналасады. 1970 жылы Алматы облысы Ақсу (қазіргі Сарқан) ауданы Қарабөгет ауылында 1953 жылы ақпанның он төртінші жұлдызында дүниеге келген Ибраймова (Аманбаева) Тұрсынай Серікбайқызымен 1970 жылы отау құрады. Тұрсынайдың әкесі Ибраймов Серікбай адал, шыншыл да әрі өте қатал, арнаулы орта білім мамандығымен мұғалім болып қызмет етеді. 1937 жылы әскер қатарына алынып, 1939-1943 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысына елін қорғауға аттанады. Сұрапыл соғыстың бел ортасында жүріп тұтқынға түсіп, Латыш елінде ақталып шығады. Бірақ орысша-неміс-латынша таза сөйлеп білімді болса да мұғалім болып қызмет етуге рұқсат берілмейді. Өз ауылында ауыл советтің хатшысы, колхоз есепшісі кассир, қоймашысы болып әр салада табысты еңбек етіп, елу тоғыз жасқа қараған шағында дүниеден өтеді. Анасы Ағыбаева Хауа 1925 жылы Андреев ауданы Көлбай ауылында туып өседі. 1942 жылы ФЗО-ға алынып, медициналық курс бітіріп соғысқа қатысқан 88 қыздың біреуі. 1946 жылы елге оралып медбике болып жұмыс жасайды. Соғыстың зардабынан 37 жасқа келгенде дүние салады. Өмірге келген екі ұл перзенті қылшадан шетінеп, 1953 жылғы сіңілісі Күлсінай екеуін Тоқтасын шешелерінің жоғын білдірмей өсіріп жеткізеді. 1972 жылы 31 мамырда Орынтай ата туған ауылына көшіп келіп құрылыс саласына жұмысқа кіріседі. Прораб Сабитов Ташболат атамен бірге Көктерек ауылында құрылыс саласында 20 жыл көлемінде табысты еңбек етеді. Совхоздың мал қораларын, малшылардың баспанасын, МТМ, автогараж, ауылдың моншасы, мектеп ғимараты, жылу қазандығы, су құбыры, көшені асфальттау, мәдениет үйінің төңірегін абаттандыру, почта, қойма, диірмен, май цехын салу, ауыл көшелерін тегістеу жұмыстарын қарқынды жүргізеді. Өндіріске керек-жарақ, құрал-сайманды, бөлшектерді

Шымкент, Павлодар қалаларынан тасымалдап әкеліп отырады. Құрылыс саласына жұмысшы қолы да тапшы болғандықтан ауыл азаматтары құрылысқа үйрету жұмыстарын қатар жүргізеді. Ел тұрмысы көтеріле бастаған 1958 жылдары шаруашылықтың бел ортасында жүріп көп дүниені танып біледі. Еңбекқор жан өзіне тапсырылған жұмыстарды жауап-кершілікпен атқарып көп нәрсеге қол жеткізеді. Әр істің басында білікті басшы тұрады, Ташболат ағасы жол көрсетеді. Туған жерді көркейту мен еңселі үйлерді көше бойына түзулеп тұрғызған Ташболат ағасының қағидасын берік ұстанады. «Адамның ісі қандай болса өзі де сондай»- дегендей Орынтай ағамыз жастайынан еңбекті серік еткен, табанды еңбегімен кез-келген қызметтің тізгінін тік ұстай білген еліне сыйлы жан. Жолдасы Тұрсынай да ауыл өміріне етене араласып 1974 жылы сақтандыру бөлімшесінде еңбек жолын бастап, 1976-80 жылдар аралығында Семей қаласындағы кітапханашылар дайындайтын техникумда сырттай оқып, ауылдық кітапханада кітапханашы қызметін атқарады. 1983 жылы ауылдық советке есепші болып ауысады. 1989-2000 жылдарда алғашқы әскери есеп саласында салық жинаушы, одан әрі әкім хатшысы қызметін атқарады. Әр саладағы жұмыстың қызығы мен қиындығын көре жүріп отбасы жарастығын берік ұстаған сүйікті жар бес ұлды дүниеге әкелген алтын құрсақты ана, ата-енесіне құрмет көрсеткен инабатты келін болып еліне елеулі, жұртына қалаулы жан болып халқының құрметіне бөленеді. 1992 жылы совхоз тарап, жер-жерде кішігірім кооперативтер құрылып жекешелене бастайды. Ауыл тұрғындары да кооперативке бірігіп қайта құрылады. Басшысы Атыманов Сәкімжан болып, Орынтай ата орынбасары болып бекітіліп, әр салада жан-жақты жұмыстар жүргізеді. 1998-2000 жылдар аралығында Көктерек ауылының әкімі болып сайланады. Осы бір кезеңдер ауыл тұрғындарына өте ауыр тиеді. Жекешелер тарап, ел ішінде күн көріс деңгейі күрт төмендеп, жұмысшылар айлап жалақысын ала алмай, қаржы, көлік мәселесі де жетіспей, құрылыс саласының жұмысы да тоқырауға ұшырайды. «Елім, жерім»- деген азаматтар халықты береке-бірлікте ұстап, талан-таражға түсірмей, совхоздан

қалған дүние- мүліктерді, жерді пайға бөліп беріп, елдің бірлігін сақтайды. Көпшілік азаматтар ауыл маңындағы шабындық, суармалы жерлерді жекеге бөліп алады. Халықтың көпшілігі қалаға қоныс аударады өйткені ауыл ауыз су мен жарықсыз қалады. 1995 жылы электр желісінің басшысы Төлегенұлы Елтай марқұмның көмегімен ауылға бір жыл ішінде электр жүйесі қосылады. Ауылдың негізгі шаруашылығы мал өсіру мен суармалы егін болғандықтан елдің басым бөлігі осы саланы дамытуға күш салады. Ауыл тұрғындарының тұрмыстық әл-ауқаты да төмендеп, қолындағы азын-аулақ малын ұн, қант, шайға алмастырады. Лепсі өзенінен малды да суарып, ауыз суды тасымалдап күн кешеді. Бөрлітөбе ауданы тараған кезде көпшілік құжаттар архивке өтпей, зейнет жасына толғандар әуре-сарсаңға түседі. Көптеген құжаттарды өз қолымен қалпына келтіруге тура келеді. Сарқанға барып 2 жыл бойы архив жұмысын жүргізеді. Ауыл маңындағы суармалы жерлерге су тапшы болғандықтан 3 шақырым каналды қолмен қазып, ауданнан көмек алып Тілеулі канал бойымен бір құлақ су әкеледі. Ауылдың тұрмыс жағдайына көптеп көңіл бөліп, жағдай жасайды. Жұмысына шынайы берілген жандар еңбегінен нәтиже көруге асығады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей ел болып есін жиып, етек-жеңін түріп еңбекке белсене араласады. Ауыл азаматтарының арасынан іскер жандар да табылып, елді осынау бір қиын кезеңнен алып шығуға қызу кіріседі. «Жақсы адамдар байлық жинамайды, өздері байлыққа айналады» демекші бұл күндер де артта қалды. Еңбегінің арқасында халқының құрметіне ие болып, екі мәрте 1996-97 ж аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланады. «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен марапатталады. Зейнет жасына жетсе де тыным таппай қоғамдық өмірге белсене араласып, ақсақалдар алқасының төрағасы болады.

Үкілі үмітпен өсірген Мархаббат, Қайрат, Қанат, Санат, Асхат сынды ұлдары ата-анасының тәлімді тәрбиесімен «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» дегендей әр салада еңбек етуде. «Бір ұлы бардың- шығарда шықпас жаны бар, екі ұлы бардың- екі ру елде малы бар, үш ұлы бардың – үш рулы елде малы бар, төрт ұлы бардың – төрт рулы елде малы бар, бес ұлы бардың – төбеде салған жолы бар», деп төбедегі жолымен еңбектерінің зейнетін көріп, елу бес жыл бір шаңырақта тату-тәтті, шуақты отбасының береке - бірлігін бекемдеген, немере-шөберенің абзал әжесі, қадірлі атасы болып бақытты да бақуатты өмір сүруде. Өмірге келген әр адам-өз өмірінің сәулетшісі, жүректерге өшпейтін өз қолтаңбасын қалдырады. «Күте білгендерге бақыт та байлық та өз уақытында келеді»- дейді сексеннің сеңгіріне толған ардақты ағамыз бен апамыз. «Көзі тірі қария оқитын хатпен тең»- десек «еңбекпен тапқан бақытты сезінуден артық қандай қуаныш болмақ. Бақытын еңбектен тапқан ардақты жандардың сыны мен сыйын жоғалмай әдемі қартайып, елі үшін еткен еңбегі ескерусіз қалмай шырайлы шаңырақтың шаттығы ортаймасын әмандар.

Г. КАСЕНОВА.
Көктерек ауылы.

МАҢЫЗДЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ НАУҚАН

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Ауыл шаруашылығы санағы Мемлекет басшысының 2023 жылғы 26 сәуірдегі тапсырмасы және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы қаулысы негізінде өткізіледі. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы елімізде кемінде он жылда бір рет ұйымдастырылады. Соңғы рет ауқымды шара 2006–2007 жылдары жүзеге асқан болатын. Санақ жүргізудегі мақсат – экономиканың аграрлық секторының дамуын болжау, өндірістің тиімділігін, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеу, іріктемелі байқау және біржолғы есепке алуды жүргізу үшін шаруашылық жүргізетін субъектілердің бас жиынтығын өзектілендіру үшін ауыл шаруашылығының шынайы жағдайы туралы егжей-тегжейлі ақпарат алу. Маңызды статистикалық науқан нәтижесінде саладағы әрбір субъектінің әлеуеті мен рөлі туралы толық әрі объективті ақпарат алынады.

Санақ интернетте онлайн режимінде 2025 жылғы 1 тамыздан 31 тамызға дейін, планшет қолдану арқылы – 2025 жылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында өтеді.

Мәліметтерді жинау екі әдіспен жүргізіледі: 1. Онлайн толтыру: 2025 жылғы 1–31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz веб-платформасында респонденттер сауалнамаларды өздері толтыра алады. 2. Жеке сұхбат: 2025 жылғы 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында интервьюерлер планшет арқылы санақ парақтарын толтырады.— 2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағы алғаш рет толықтай цифрлық форматта өтеді. Планшеттік құрылғылар мен арнайы мобильді қосымшалар деректерді жинау, өңдеу және жіберу процесін автоматтандырады. Санақтан өткен респонденттерге SMS-хабарлама немесе электрондық пошта арқылы қатысқаны жөнінде растау жолданады. Интервьюерлер арқылы қатысқан азаматтарға арнайы анықтамалар беріледі.

Өз тілшіміз.

Абайлаңыз, нитраттар!

Жақсы өнім өсіру оңай емес және өндірушілер көбінесе химиялық тыңайтқыштарды шығымдылықты арттыру үшін және өсірілетін өсімдіктерді азықтандыру үшін пайдаланады, олардың өсіп-өнуін және өсімдіктерге калий тұздарын жеткізетін ауыл шаруашылығында құнарлылығын ынталандырады.

Азот қышқылы - нитратты, калиймен, кальциймен немесе аммониймен үйлесімде арзан әрі тиімді құралдар болып табылады. Алайда нитраттарды топыраққа үлкен көлемде үнемі қолданған жағдайда, олар өсімдіктердің жекелеген бөліктерінде жинақталу ерекшелігіне ие болады. Айта кету керек, селитра құрамының артуы азотты тыңайтқыштардың шамадан тыс пайдаланылуына байланысты бола бермейді. Кейде тіпті «химиялық заттармен» ұрықтанбаған бақтарда да селитрада түсім әлі де жоғары, бұл топыраққа жаңа көңнің көп мөлшерін енгізгенде жиі болады. Олар адам үшін қауіпті ме және олардың көкөністер мен жемістерде болуын қалай анықтауға болады? Өзінде өсімдіктерде селитралардың болуы қалыпты құбылыс болып табылады, өйткені кез келген өсімдіктер үнемі топырақтан селитраларды шығарып, оларды органикалық азот бар қосылыстарға айналдырады, өсімдіктер, шын мәнінде, соған байланысты өмір сүреді, сондықтан оларда әрқашан селитра болады, бірақ олардың шамадан тыс көбеюі өте жағымсыз, өйткені олар адамға өте уытты. Көкөністер мен жемістерден алынған нитраттар ылғалдылық пен жылу жағдайында немесе адам ішегінде ас қорыту процесінде ірі ішектің микрофлорасының әсерінен нитриттік қосылыстарға айналады. Бұл заттар көп мөлшерде адам денсаулығына қауіпті. Дені сау адамның организмінде селитралардың нитриттерге айналуы әлсіреген денемен салыстырғанда едәуір баяулайды. Санитариялық нормалардан жоғары селитраларды тұтыну проблемалары бүйрек аурулары бар, асқазан-ішек жолдарының функциялары бұзылған адамдарда, сондай-ақ денесінде артық селитрадан қорғау жүйесі әлі толық қалыптаспаған бір жасқа дейінгі балаларда туындауы мүмкін. Өсімдіктерде селитра негізінен тамырда, тамыр дақылдарында, сабақтарында, петиолездерінде және жапырақтарының ірі көктамырларында жиналады, олардың жемістерінде әлдеқайда аз. Сондай-ақ жасыл жемістерде піскен жемістерге қарағанда селитра көп, ерте көкөністерде кейінгілерге қарағанда, жемістер мен дәндер әдетте селитраға қатысты күдікті болмайды. Селитралардың көкөністер мен терінің шеткі бөліктерінде жиналатынын есте сақтаңыз. Сол себептен мүмкіндігінше оларды кесуге тырысыңыз. Жемістің сыртқы түріне және бүтіндігіне құрылымына назар аударыңыз және қатты көктамырлар (мысалы, ерте қызанақта) мен кедір-бұдыр жапырақтар (мысалы, салат) проблеманың бар екендігін көрсетуі мүмкін. «Қалыпты» көкөністер мен жемістер селитра мен басқа да минералды тыңайтқыштардың көмегінсіз әсерлі өлшемге дейін өсе алмайтынын есте сақтаңыздар.

Селитраларды тұтынудан болатын зиянды бейтараптандырудың негізгі тәсілі көкөністерді тазалау, жуу және кейіннен кептіру, жапырақты жасыл көкөністерді суға батыру, дұрыс сақтау, сондай-ақ ең бастысы, базардан көкөністер мен жемістерді сатып алу кезінде сатушыдан селитралардың бар-жоғына санитариялық сараптамасын сұраңыз, онда нормалар мен олардың нақты құрамы көрсетілуі тиіс. Жаңа піскен көкөністер витаминдер мен микроэлементтерге бай, оларды жеуге болады және жеу керек, оның үстіне, қаласаңыз көп тамақтаныңыз, бірақ әрине ақылға қонымды сақтық таныту керек. Және ең бастысы, иммунитетті күшейту керек. Сонда бірде-бір селитра қорқынышты болмайды. Организм барлық проблемаларды өз бетінше шеше алады.

Даурен КАЛЫГУЛОВ,
Сарқан ауданы санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бас маманы.

Суармалы жер — еңбек өнімділігінің кепілі

Ауыл шаруашылығындағы өнімнің молдығы мен сапасы суармалы жерлерге тікелей байланысты. Ал егін алқаптарына дер кезінде су жеткізу — су беру қызметкерлерінің кәсібилігі мен жауапкершілігінің жемісі. Су жүйелерін бақылау, су арналарын тазалау, қажетті техникамен қамтамасыз ету, суды әділ әрі тиімді бөлу — осының барлығы күн сайын атқарылатын ауыр, бірақ аса маңызды жұмыс. Су беру қызметкерлері жаз бойы егін дала-сында жүреді. Олар үшін әрбір гектар, әрбір арық — маңызды. Суды дұрыс пайдалану тәртібі мен ережелерін де түсіндіріп отырады.

Су шаруашылығы — бұл тек техника мен инфрақұрылым ғана емес, бұл — кәсібіне адал, жауапты адамдардың еңбегі. Жаздың аптабында, көктемгі тасқын мен күзгі жауын-шашында да тыным таппай еңбек ететін бұл мамандардың арқасында егінжайлар сумен қамтылады, ауыл шаруашылығы алға басады, тұрғындар тіршілік нәрінен тарықпайды.

«Сарканирригация» су шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының «Ново-Антон су бөлімі» қазіргі уақытта 9423 гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етіп отыр. Ново-Антон су бөлімінде 14 қызметкер жұмыс жасайды. Олар өз жұмыстарының майталмандары.

9-шы шілде су шаруашылығы қызметкерлер күні. Осы салада аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар мен азаматшаларға зор денсаулық, отбасы амандығы мен мол табыс тілеймін. Сонымен қатар еңбектеріңіз ел игілігіне қызмет етіп, ел ырысы молайып, алқаптар жасылға бөлене берсін!

Ғ.АУБАКИРОВА,
«Сарканирригация» СШ
МКК Ново-Антон су бөлімінің
гидрометрі.

Сел қаупінен сақтаныңыздар!

ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге; үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың өнуіне жол бермеу үшін тақталармен немесе фанерамен жабу; Үй жануарлары орналасқан сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз.

Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын жүзуге дайындалуыңыз керек.

Суды төгіп болғаннан кейін, электр сымдарының жырытылуына, бұзылған газ желілеріне назар аударыңыз.

Үйге кірер алдында оның құрылымы су элементінің соққыларының астында босап қалмағанына көз жеткізу керек.

Суда табылған тағамды қолдануға болмайды, немесе суды су басу мүмкін емес.

Сел қаупі, сел қаупінің белгілері

Сел ағындары - бұл жекелеген біліктерде қозғалатын, таулы рельефке тән су мен борпылдақ қоспалардан тұратын қысқа мерзімді балшық тас ағындары.

Олар морена көлдерінің серпінділігі, еріген қардан судың толып кетуі және мұздықтардың сулануы, қатты және

тұрақты жауын-шашын, сондай-ақ жер сілкінісі кезінде пайда болады.

Қазақстанның таулы аймақтарында селдің пайда болуы жылы маусымда мүмкін (мамыр - қыркүйек).

Селдің биіктігі 10-20 метрге жетуі мүмкін (кейбір жағдайларда 40-50 метрге дейін), ағынның жылдамдығы 3-5 және одан көп м / с (кейбір жағдайларда 15-20 м / с дейін) болады.

Селдің жолында тірі қалу іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан сел қаупінің алдын-алу өте маңызды.

Сел қаупінің белгілері: сел қаупі бас-сейінде қатты нөсер; сел қаупі өзендердің жоғарғы ағысында ауа температурасының күрт және ұзаққа көтерілуі, тау көлдерінің толып кетуіне әкеліп соқтырады және олардың басталу қаупін тудырады; көлдегі су деңгейінің күрт төмендеуі немесе оның бетінде кратерлердің пайда болуы, бұл көлдің линтелының (дамбаның) серпілісін білдіреді; көл сілемі (дамба) бұзылуына әкеледі.

Селдің жақын және жақын болу қаупінің белгілері: су тасқыны арнасындағы судың тоқтауы немесе күрт төмендеуі, бұл морена-мұздық кешенінде судың жиналуын көрсетеді; селдің жоғарғы каналында дауылдың пайда болуы; сел тасымен болған тастардың әсерінен топырақты дірілдету; сел тасқынының білігінің алдында соққы толқынынан пайда болған балшық шаңының пайда болуы; су

тасқынына дейінгі қорғасынның пайда болуы, судың бұлдырлығы жоғарылауымен сипатталады.

Сел қаупі жерлерде өзін қалай ұстау керек таудағы жағдай туралы бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын үнемі қадағалап отыру; егер қауіпті бассейннің жоғарғы ағысында қатты жауын-шашын болса, сел қаупі арнасын қалдырыңыз; қозғалатын селге 50-70 м-ден жақындамаңыз; тік жартастар мен тік беткейлердің жанында тоқтамаңыз, өйткені сел жүру кезінде дірілдеу нәтижесінде құлау немесе таулар пайда болуы мүмкін; сел тасқыны арналарымен адамдар арасында кемінде 20-30 метр аралықпен жүру; демалуға тоқтамаңыз және сел қаупі каналдардың жанында, көл көпірлерінде (бөгеттерде) және олардың астында лагерьлер құрмаңыз; егер сел жүру белгілері байқалса, мүмкіндігінше арнадан тау баурайына дейін алыс жүріңіз; Селдің өзегінен өткеннен кейін сел арнасына түсіп кетпеңіз - оған басқа білік ілінуі мүмкін; арнадан түсіп жатқан кезде және әсіресе сел жүретін уаскелерде және шұңқырларда қатты абай болыңыз; Морена-мұздық кешенінде болуға және сел жүру қаупі жоқ немесе ауа райының теріс температурасында жақсы болған кезде жүруге кеңес беріледі; тұрақсыз жатқан қоқыстардан тұратын, сонымен қатар қозғалатын мұздық немесе көшкін нәтижесінде пайда болған көлдердің бойымен қозғалмаңыз.

А. ТОЛЕУОВ,
ҚР ТЖМ «Қазселденқорғау» ММ
Сарқан ӨПБ басшысы.

Сел тасқыны және су тасқыны - бұл табиғи апаттар, оның барысында адамдар, жануарлар өліп, ғимараттар мен тұрғын үйлер қиратылады. Сел тасқыны және су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік көбінесе оларға алдын-ала дайындалу арқылы қамтамасыз етіледі.

Сел тасқыны негізінен келесі себептерден туындайды: - қатты немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі; - теңізден жағаға және өзендер сағасына қатты жел немесе толқынмен судың ағуы; - табиғи себептер бойынша да, адамның кінәсінен де дамбалар мен су қоймаларының серпінділігі.

Мұзды кептелістер мен өзендердің жоғарғы ағысындағы топырақ көпірлері су тасқыны кезінде бірден пайда болады.

Басқа жағдайларда су тасқыны қаупіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беретін уақыт резерві бар.

Сондай-ақ гидрологиялық болжамдарға назар аудару керек.

Егер сіз өзіңізді жеке қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе, сізге: толқынның алғашқы соққысында құлаған емес, күрделі құрылыстарды салу; барлық отбасы мүшелеріне жүзуді үйрету; қайыққа ие болу (ең дұрысы екі - біреуі қарапайым, екіншісі - үрленетін); елді мекенге жақын орналасқан топографиялық биік нүктелермен танысу; Табиғи апат туралы ескерту әдістері мен формаларын білу.

Су басу аймағындағы әрекеттер

Егер сіз өзіңізді су басу аймағында тапсаңыз, сізге: үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз; жылыту пештерін сөндіру; үйдің құнды заттарын



«Өмкен күндер. Өшпес сәттер»

Осындай тақырыппен Семей қаласындағы «Жәрдем» республикалық баспа компаниясынан Сарқан ауданының Құрметті азаматы, білім және ауылшаруашылық саласының ардагері Оралхан Дауытов туралы ой-толғамдар жинақталған кітап жарық көрді.

Сексен жасқа толып отырған ардагер жайындағы кітаптың тұсаукесері Құман Тастанбеков атындағы мәдениет үйінде өтті. Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев кітап кейіпкерінің ауданның әлеуметтік және экономикалық дамуына қосқан үлесі туралы ізгі лебізін ортаға салып, мерейгердің иығына шапан жауып сый-сияпат көрсетті.

Жиынды Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман жүргізіп, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Болат Рахметқалиев бата беріп, кітаптың шығарушысы, «Абай» журналының директоры Райхан Әбілмансұрқызы Оралхан аға туралы естеліктерімен бөліскен ақсақалдарға алғысын ақтарды.

Жиын қорытындысында мәдениет үйінің қызметкерлері мерейгерге ән шашуларын арнады.

Өз тілшіміз.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2025

Ұлтымыздың өнегелі құндылықтарын жаңғыртуға, отбасы мен некенің жағымды үлгісін таратуға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған биылғы «Мерейлі отбасы» байқауына ауданымыздың елді мекендерінен 8 үміткер қатысты. Өздерінің әулеті жайында бейнеролик, портфолио дайындап, отбасы жетістіктерін таныстыруларына арқау еткен үміткер отбасылар арасынан дараланғандар көрермендердің қошеметіне бөленді.

Байқау нәтижесінде Алмалы ауылынан Идирисовтар отбасы бірінші орыннан көрінді. Екінші орынды Сарқан қаласынан Қамбыловтар отбасы, үшінші орынды Лепсі ауылынан Құрмашевтар отбасы жеңіп алды.

Өз тілшіміз.



Хабарландыру\Объявление

ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Саркан, ул. Тауелсиздик 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

Продается земельный участок по улице Суюнбая № 4, нижний загай. Документы в порядке. Обращаться тел. 8702 3941255, 8700 9968520.

► **Турганғалиев Сағынтай Жумажанович** атына тіркелген Сарқан ауданы, Қойлық ауылдық округінің аумағында орналасқан 620 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 03-263-020-142) №1520444 және 140 га көлемді жердің (кадастрлық нөмірі 03-263-020-143) №1520447 нөмірлі уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі және өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Асылбек Бакнурдың** атына тіркелген Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылы, Әділбек Абайділданов көшесі № 52 үйдің 0,1500 га көлемді жерінің (кадастрлық нөмірі 24-263-008-919) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін №1566442 нөмірлі мемлекеттік тіркеу актісі және өзге де құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Горбатов Игорь Владимировичтің** атына ҚР ИІМ-нен 27.11.2023 жылы 055001417 нөмірімен берілген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Нурташев Айдар Айдыновичтің** атына тіркелген Mazda 626 автокөлігінің №VL00000001 нөмірлі тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Лейбутин Борис Ивановичтің** атына тіркелген Ниссан Кашкай автокөлігінің 382 ТКВ нөмірлі тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Қарауылтөбе орта мектебінің "Күншуақ" шағын орталығының аға тәрбиешісі **Кемербаева Толкын Омарғалиевнаны** өмірінің жарты ғасырлық белесі – 50 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл – адамның толысқан, кемеліне келген кезеңі. Еткен еңбегіңіз, төккен теріңіз, өсірген ұрпағыңыз, жинаған абырой-беделіңіз – осының бәрі сіздің өмір жолыңыздың жарқын айғағы.

Сізді әріптестеріңіз, туған-туыстарыңыз, дос-жарандарыңыз еңбекқор, парасатты, кең жүректі жан ретінде жақсы біледі. Сізге мықты денсаулық, отбасылық бақыт, ұзақ ғұмыр, баянды тірлік тілейміз!

Жарқын өмір жолыңыз ұлағатты ұрпаққа үлгі бола берсін! Мерейтойыңыз құтты болсын!



Ізгі тілекпен: Қарауылтөбе орта мектебінің ұжымы.

► Спорт

Молжарғандар

Алмалы орта мектебінің 8 - сынып оқушысы Әлижан Төлеуғали спорттағы жетістіктерімен ата-анасының ғана емес, ауыл-аймақтың мақтанышы болып келеді. Аудандағы спорт мектебінен тәлім алып, бокстан жасөспірімдер арасындағы турнирлерде топ жарған ол облыстық сайыстарда дараланып, бүгінгі таңда республикалық, халықаралық турнирлерде өз салмақ дәрежесінде бірінші орынды ұдайы жеңіп алуда. Жаттықтырушысы Рауан Қылышбаев болашағынан үміт күтетін шәкірттерінің арасынан Әлижанды жеке дара атайды. Ол Жетісу облысының чемпионы, аймақтық чемпионаттың күміс жүлдегері, халықаралық және республикалық турнирлердің жеңімпазы, Жетісу құрамасының мүшесі.

Әлижанның інісі 7-сынып оқушысы Әміржан Төлеуғали ағасының жолымен алға басып, облыстық жарыстарда жұлдызы жанып, халықаралық, республикалық турнирлерде алдыңғы орыннан көрініп, қандай сайыстан да топ жарып келеді. Атап айтқанда Әміржан 2022 жылы Алматы қаласында өткен екі бірдей республикалық ашық турнирде, «NOMAD» спорт клубының жұлдесі үшін халықаралық турнирде, келесі жылы үш республикалық, екі халықаралық жарыстарда, 2024 жылы үш республикалық, бір халықаралық турнирлерде топ жарып, чемпион атанды. Биыл Астана қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған халықаралық турнирде бірінші орынды жеңіп алды.

Жасөспірімдер арасындағы бір әулеттен шыққан қос чемпион, ағайынды Әлижан мен Әміржанның алар асулары биіктей берсін.

Өз тілшіміз.



Хабарландыру

«Сарқан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Алматы облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласында 16 га жеке тұрғын үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық желілерді тарту бойынша жұмыс жобасына қатысты қоғамдық тыңдауларды ашық талқылау түрінде өткізетінін хабарлайды.

Ашық талқылаулар 2025 жылғы 21 шілде мен 29 шілде аралығында «Бірыңғай экологиялық портал» (БЭП) сайтында, <https://ecoportal.kz/>, «Жарияланған ашық талқылаулар» бөлімінде өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар осы күндері Бірыңғай экологиялық портал арқылы қабылданады.

Инициатор – «Сарқан ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ, БСН 111240018629, мекенжайы: Сарқан қаласы, М.Тынышбаев көшесі, 8. Тел.: +7 (72839) 2-18-76

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «Қазақ Сантехжоба» ЖШС, БСН 051140004166, мекенжайы: Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 2, 206-кеңсе, тел.: +7 (727) 323-23-12 (ішкі 1611, 1631).

Жоба бойынша қосымша ақпаратты келесі телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 323-23-12 (ішкі 1631) немесе электрондық пошта арқылы: oops@kazstp.kz

Объявление

ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Сарканского района», проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по рабочему проекту «Строительство инженерно-коммуникационных сетей под индивидуальное жилищное строительство 16 га в г. Саркан Сарканского района Алматинской области».

Публичные обсуждения состоятся с 21.07.2025 г. по 29.07.2025 г. на сайте Единый Экологический портал (ЕЭП), <https://ecoportal.kz/>, в разделе «Опубликованные публичные обсуждения».

Все замечания и предложения принимаются в эти дни на Едином Экологическом портале.

Инициатор – ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Сарканского района», БИН 111240018629, г.Саркан, ул.М.Тынышбаева,8. Тел: +7(72839)2-18-76

Разработчик проектной документации ТОО «Казахский Сантехпроект», БИН 051140004166, г. Алматы, ул. Жандосова, 2 офис 206, тел: 8-727-323-23-12 (вн.1611,1631).

Дополнительную информацию по проекту можно получить телефону +7(727)323-23-12 (вн.1631) и электронному адресу: oops@kazstp.kz.

SARQAN Құрылтайшысы: "Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГИМАН Жомарт Мақатұлы Бас редактор: ЖЕҢІСХАН Партия	Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			
	Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.	Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117 Телефон: 2-20-47, 2-23-53 e-mail: igiman01@mail.ru	Таралымы: 3017 Осы шығарылымның таралымы: 3017 Газет индексі: 35202,15202 Офсеттік басылым 1 баспа табақ	Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
			Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.	Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.				